



BÜGINGI SANDA



JASTAR JYLYNDAǴY  
AÝQYMDY BASTAMA



«BIZ TYNYSHTYQTY  
KÚZETÝGE BARDYQ»



OQ TESKEN  
KASKA



## PREZIDENT

# БІРЛЕСКЕН ЖОБАЛАРДЫ ІСКЕ АСЫРУ ПЫСЫҚТАЛДЫ

**Мемлекет басшысы**  
**Нұрсұлтан Назарбаев Зимбабве**  
**Республикасының Президенті**  
**Эммерсон Мнангавамен кездесті.**

Қазақстанға ресми сапармен келген Зимбабве Республикасының Президенті Эммерсон Мнангава мені салтанатты қарсы алу рәсімінен кейін кеңейтілген құрамдағы келіссөз өтті.

Мемлекет басшысы екі ел арасындағы қарым-қатынастарды тереңдетудің маңыздылығын атап өтіп, ықпалдастықты одан әрі дамытудың негізгі бағыттарына арнайы тоқталды.

– Біз сыртқы саясатымызда, соның ішінде Африка бағытында кең ауқымды сауда қарым-қатынастарын дамытуға және халықаралық бастамаларды өзара қолдауға ұмтылатын боламыз, – деді Қазақстан Президенті.

Зимбабве Республикасының Президенті Қазақстанға ресми сапармен келуге мүмкіндік туғызып, Зимбабве делегациясына қонақжайлылық көрсеткені үшін Мемлекет басшысына алғыс айтты.

Кездесу барысында тараптар ауыл шаруашылығы мен тау-кен өнеркәсібі салалары бойынша екі жақты ынтымақтастық орнату, сондай-ақ Зимбабвенің көлік-логистика желісін жаңғырту және қайта өңдеу ісінде бірлескен жобаларды іске асыру мәселелерін талқылады.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Зимбабве Республикасының Президенті Эммерсон Мнангава мені ресми сапарының қорытындысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері үшін брифинг өткізді.



## Облыс әкімі Қ.Е.Көшербаевтың халық алдындағы есепті кездесуі

«Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2016 жылғы 5 ақпандағы Қазақстан Республикасы Президентінің № 190 Жарлығына сәйкес, 2019 жылғы 13 ақпан сағат 11.00-де Н.Бексезанов атындағы облыстық қазақ музыкалық драма театрында облыс әкімі Қ.Е.Көшербаевтың халық алдындағы есепті кездесуі өтеді.

Есепті кездесуге байланысты халықтың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлерін жинақтайтын жәшіктер төмендегі мекен-жайларда орнатылған.

**Арал ауданы бойынша:** аудан әкімі аппараты, Арал қаласы әкімінің аппараты, аудандық мәдениет үйінің ғимараттары.

**Қазалы ауданы бойынша:** Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы әкімі аппаратының, «Қазпошта» АҚ аудандық бөлімшесі, Халыққа қызмет көрсету орталығы, Қазалы теміржол вокзалы, «Талап» автостанциясы, «Ырыс-Болашақ» базары, Қазалы қалалық мәдениет үйі ғимараттары.

**Қармақшы ауданы бойынша:** Жосалы кенті әкімінің аппараты, теміржол вокзалы, «Халық банк» АҚ аудандық бөлімшесі, «Қазпошта» АҚ аудандық бөлімшесі ғимараттары.

**Жалағаш ауданы бойынша:** аудан әкімінің аппараты, Жалағаш кенті әкімінің аппараты, аудандық мәдениет үйі, аудандық емхана, №202 орта мектептің ғимараттары.

**Сырдария ауданы бойынша:** Теренөзек кенті әкімінің аппараты, аудандық мәдениет үйі, аудандық орталық аурухана, Сырдария аграрлық-техникалық колледжі, №35, №36, №210 және №131 орта мектептер ғимараттары.

**Шнелі ауданы бойынша:** аудан әкімінің аппараты, Шнелі кенті әкімінің аппараты, Халыққа қызмет көрсету орталығы, «Халық банк» АҚ аудандық бөлімшесі, «Қазпошта» АҚ аудандық бөлімшесі, теміржол вокзалы, «Арман» мәдениет үйі, №47, №219 орта мектептер ғимараттары.

**Жаңақорған ауданы бойынша:** аудан әкімінің аппараты, Жаңақорған кенті әкімінің аппараты, Халыққа қызмет көрсету орталығының ғимараттары.

**Қызылорда қаласы бойынша:** Теміржол вокзалы, автовокзал, әуежай, М.Ералиева атындағы мәдениет үйі, «Ақмешіт» гуманитарлық-техникалық институты, «Жайна», «Универсам», «SMALL», «Сырдария» сауда үйлері, «Жаңа базар» базары ғимараттары.

**Ескертпе:** Барлық аудандарда және Қызылорда қаласындағы ауылдық округтер мен кенттердегі әкімдердің аппараттарында халықтың ұсыныстары, ескертулері мен пікірлерін жинақтайтын жәшіктер орналасқан.

## SERPIN

# КӘСІПКЕРЛІК: Екінші жыл еншісінен не күтеміз?



Жақында «Индустрияландырудың екінші бесжылдығы. Қазақстанда жасалған» жалпыұлттық телекөпірде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев облыс әкімі Қырымбек Көшербаевқа «Ең үздік бизнес орта құрғаны үшін» номинациясы бойынша «Алтын сапа» сыйлығын тапсырды.

Бұл облысымыздағы тіршіліктің қантанырына айналған кәсіпкерліктің қарқынды беталысына берілген бірегей баға болды деп білеміз.

Мемлекет басшысының көрсеткен зор қолдауының арқасында және облыс әкімінің тікелей бастамасымен 2018-2021 жылдар «Жаппай кәсіпкерлікті қолдау жылы» болып белгіленуі де осы саланы дамытуға жан-жақты жағдай жасалып отырғанын көрсетеді.

Осы бағытта облыс көлемінде кәсіпкерлікті дамытудың Жол картасы әзірленді.

☞ Дүйсенбек АЙШҰЛЫ.

Жергілікті кәсіпкерлерді қолдау үшін облыстың тауар өндірушілерінің каталогы құрылды, дайын бизнес-жобалар бар және өңірдегі бұқаралық ақпарат құралдарында бизнесті бастау туралы практикалық ұсыныстар жарияланып, шалғай елді мекендердегі кәсіпкерлер үшін қашықтан кеңес беру іске қосылды.

Жаңа мүмкіндіктердің арқасында

Қызылорда қаласының бизнес климаты жақсара түсіп, шағын кәсіпкерлікті дамыту бағытында оң өзгерістер қалыптасты.

Міне, биыл кәсіпкерлікті қолдаудың екінші жылы келді. Осы аралықта облыстың кәсіпкерлік саласында недей өзгеріс, жаңалықтар болды? Өңімізге ауқайы осы.

2-бет

## SYR MEDIA ACADEMIASY

«Сыр медиа» ЖШС жанынан ақпарат саласының қызметкерлеріне арналған академия ашылды. Мақсат – жергілікті журналистердің білімін арттыру, салалық журналистикаға бағыттау және өзекті тақырыптарды талқылау.

## «СЫР МЕДИА» академиясы ашылды

☞ Айдана ЖҰМАДИНОВА.

Өзінен гөрі қаламы мен хабары жүйрік журналистерге жылдам әрі объективті ақпарат тарату өте маңызды. Қазіргі заманғы медиа трендтермен қатар сауатты жаза білу де алдыңғы орында. Академия алаңында журналистер алдағы уақытта тақырып таңдау, зерттеу мақаласын жазу, сараптамалық мақала жазу, мәтінді өңдеу, сайт жұмысын жетілдіру ісінде контент пен рейтинг мәселелері төңірегінде тәжірибе алмасды. Сондай-ақ, «Сыр медиа» радиостудиясында дыбыстау және монтаждау жұмыстарымен танысақ.

Академияның бір маусымы үш айға созылады. Ал апталық дәріс ұзақтығы – 21 сағат. Мұнда тәжірибелі тілші, ақпарат саласының үздіктері дәріс беріп, маусым соңында қатысушыларға сертификат табысталады.

Кеше дүйсенбіден бастап аудандық газет тілшілері орталықтағы аға буын және тәжірибелі қаламгерлермен пікір алысуды бастады.

## SIREK KASIP

# 1000 ТЕҢГЕДЕН БАСТАЛДЫ

Қазір кәсіптің түрі көп. Кілтін тапқан ісін дөңгелентеді. Кейде жеңіл іс деп қарайтын шаруаны жүргізіп, әжептәуір табыс тауып отырған жандарды көргенде таңданатынымыз бар. Солардың бірі – қала тұрғыны Ақылбек Наурызбаев.

☞ Сара АДАЙБАЕВА.

Ақылбектің негізгі мамандығы – бағдарламашы. Бірақ оның жалақысы отбасын қамтамасыз етуге жеткіліксіз болды. Сондықтан қосымша жұмыс жасауды жөн санады. Ол тозған жиһазды қоқысқа таста-

май қалпына келтіруге бел байлады. Алғашқы жұмысын өзінен бастады. Үйде ескірген орындықты жөндеді. Базардан 1000 теңгеге зат алып, орындықты қаптап шықты. Мұны көрген туыстары Ақылбекке жиһаздарын қайта



әрлетті. Жас жігіттің бұл ісіне құлшынысты арттыра түсті. Қажетті құрал-жабдықтарын түгендеуге кірісті. Жиһаздың материалы қатты болғандықтан оған бөлек тігін машинасы қажет. Сол себепті ол шағын несие алып, Алматы қаласынан 300 мың теңгеге тігін машинасын алдырды.

Содан кейін Ақылбек әлеуметтік желілерге хабарлама орналастырды. Бірақ екі айға жуық уақыт оған ешкім қоңырау соқпапты. Бұл жұмыстың реті келмеді деген жігіт күнделікті жұмысына барып келіп жүрді. Бірде телефоны шыр ете қалды. Тұтқаны алғаны сол еді «хабарландыру бойынша телефон соғып тұрмын» дегенде қуанғаны бар. Алғашқы тапсырысын жиырма күнде орындап шықты. Жиһазының сыртын қайта қаптап, жанартқаны тапсырыс берушіге ұнады. Келескен қаржысын беріп, алғысын айтты. Ақылбектің ісіне сенімділігі мен жауапкершілігі артты. Уақыт өте келе тұтынушылар қатары артып, шаруасының берекесі кірді. Алматы, Шымкент қалаларынан қажетті материалдарды

тапсырыспен алады. Өнімдер Ресей, Түркия және Қытай елінен келеді. Сапасының жақсы болғанын қалайғындар қымбат материалмен қаптағанды екен.

Қазір Ақылбек ісіне біршама ысылып қалды. Онлайн курстарға қатысып, білімін жетілдіріп отырады. Жұмысын жалғыз өзі жүргізеді. Матаны пішіп, тігеді. Сәнді таспа шегесі мен ағаштарды да пайдаланады. Бүгінде айына 3-4 тапсырыс орындайды екен. Енді ол ескі дивандарды сатып алып, оны қаптап, жанартуды қолға алмақ. Сонымен бірге заманауи құрал-жабдықтар алып, жиһаздарды жаңа үлгіде қаптауды да жоспарлап қойыпты. Ақылбек интернеттің тиімділігін де пайдаға асырды. Ол жасаған жұмыстарын суретке түсіріп, әлеуметтік желіге жүктейді. Тапсырыс осылай қабылданады. Тұрақты тұтынушылары да бар. Болашақта занды кәсіпкер атанып, мемлекеттік бағдарламаның игілігін көрсем дейтін Ақылбектің ертеңге сенімі нық.





